

1 2008
335к

Нурғожа ОРАЗ




5



Нұрғожа ОРАЗ

Көп
ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ



Бесінші
ТОМ



Алматы
"САНАТ"
2007

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің
тапсырысы бойынша шығарылып отыр*

Ораз Нұрғожа

О-65 Көп томдық шығармалар жинағы.: - Алматы:
«Санат», 2007. - 432 б.
5 том.

ISBN 9965-664-58-7


Бұл кітап «Бұғаудан шыққан асылдар мен ардақтылар» деп аталған туындының II кітабы. Көрнекті ақын, жазушы, публицист, қоғам қайраткері Нұрғожа ОРАЗДЫҢ бұл кітабында да әдебиетіміздегі ұлылар мен белгілі ақын-жазушылар жайлы, заманымыздың қалам қайраткерлері туралы, театрдың өнер тарландары жайлы әр жылдарда жазған мақалаларында олардың шығармаларына теориялық тұрғыдан талдау жасайды. Бір ерекше ескеретін жағы – кенестік кезеңдегі әдеби талдау мен Тәуелсіздіктің берік тұғырынан қарап, сол өткендегі коммунистік идея бүгінгі шыншыл, адал баға берумен салыстыра каралады. Сонымен екі дүниенің тұрпаты екі басқа екендігі айқындалады. Естеліктерінде де ұлыларымыз бен ардагерлеріміздің бейнелерін айқындайтын детальдар тауып оқырмандарын сол төңіректегі жаңалықтармен таныстырады.

О 4702250200-04 03-07
416 (05) - 07

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-664-58-7
ISBN 9965-222-09-6

© ЖШС «Санат» баспасы, 2007.



АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітабым - «Бұғаудан шыққан асылдар мен ардақтылар» атты әдебиеттану жолындағы еңбегімнің екінші кітабы. Мұндағы әдебиеттану бағытындағы ұстаным сол бірінші кітаптағыдай социализм идеологиясы үстемдік еткен заманындағы әдебиетіміздің асқаралы тауларындай ағалар мен замандастарымның еңбектерін екі дәуір тұрғысынан қарау жалғасады. Яғни социалистік реализмнің талабына сай әдеби туындыларды қалай талдап едік, бүгінгі тәуелсіздіктің биік тұғырынан шыншыл көзқараспен қалай талдаймыз деген сұрақтарға жауап жаздық.

Екінші жағынан сол асыл азаматтармен бақытты кездесу шақтарымды кейінгі ұрпаққа көрсету – сол арқылы ұлылардан ұлағат өмірді оларға үлгі етсем деген арманмен қалам тербегенім бар. Оның ішінде әдебиет алыптары, сахна саңылақтары, асқақ өншілер, айтыс өнерінің төгеуірінділері сияқты әр сала қамтылған.

КЕМЕҢГЕР КЕЛБЕТІ

100 жылдығы тұсында қайта қаралды

(«Сарыарқа», 1992 жыл-№ 4,)

Қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі – “қазақ совет әдебиеті” делінетін дәуірдің классигі аталған, халқымыздың қаламгер қауымының ішінде жеке дара озық шығып, Социалистік Еңбек Ері атағын алған майталман жазушы, дарынды драматург, әдебиетімізді ғылыми жағынан екшеген ғалым, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі Ғабит Махмұтұлы Мүсреповтың туғанына биылғы наурыздың 8-жұлдызында (ескіше) 90 жыл. Сондықтан да халқымыз үшін биылғы жыл Ғабит жылы болмақ. Өйткені ресми түрде, мерейтойды дайындаушылар алқасының шешімі бойынша ұлы жазушының тойы наурыз айы ғана емес, жыл бойына созылмақ. Тамыздың 7,8,9 жұлдыздарында туған жері Түбекте (бүгінгі Ғ. Мүсрепов атындағы кеншардың Жанажол ауылында), Қызылжар қаласында әдебиетіміздің алыбына арналған жиын ат шаптырған тойға ұласады. Мерейтойдың мәресі күзде, астанамыз Алматыдағы ресми, жайсаң жиынға тіреледі. Бұл халық көңілінен шығатын айтулы тойлардың бірі болары хақ. Өйткені мұндай мерейтой барша қазақ қауымы үшін айрықша аталса ғана көңіл көншітінінің белгісі.

Осы мерейтой тұсында Ғабеннің өміріне байланысты әр жерде әр түрлі жазылып жүрген деректерді тиянақтап алған жөн. Мысалы, кейбір еңбектерде Ғабен наурыздың 22-сінде туды делінеді. Сәбит Мұқановтың Ғабен туралы еңбегінде екеуінің жылдас-құрдас екені айтылады. Туған жерінің анықтамасы да әрқилы. Бірде Солтүстік Қазақстан облысы десе, бірде Қостанай облысы деп аталады. Мұндай әрқилылық әдебиет сүйер қауымды, Ғабенді ардақ тұтқан халықты шын деректен адастырып, анық тұжырымға келтірмейді. Сондықтан да осынау 90 жылдықтың үстінде біз адал шындықтың бетін ашқымыз келеді.

Біз жоғарыда айтқандай дәлелдемеге бармас бұрын ұлы жазушының ата-тегіне бір шолу жасап өткіміз келеді. Бұл да халық аузында жүрген бір жансак пікірді анықтау үшін қажеттіктен туып отыр. Ғабит Махмұтұлы, қазақша айтқанда, керей тайпасының, сибан-керей руына жатады.

Сибан-керейдің өзі Күнгене, Шимойын, Шокпатар болып бөлінеді де, сол үлкен тараулардан Баян-сибан, Жайылған-сибан, Әйбике, Қошетер, Сенкібай, Қойата, Бесбай (Беспай), Бокан т.б. болып бөлініп кетеді. Біз соның Күнгенесіне жатамыз, жайлаған жеріміз — Қаршығалы. Сол біз жайлаған жерде әлгі соңғы аталған екі атаның бірі Бокандар да бар, «Беспай көні» дейтін ескі жұрт та бар, бірақ Бесбайлар түгел Жанажол ауылында. Ғабиттер сибан ішінде Бесбай, Бесбайдан Тасболат, одан Қуат, Қуаттан — Әділбай, Жолғұтты. Осы Жолғұтты манында айтылатын қауесет бар.

Қуат малды адам болған. Бірле жылқысын аралап келе жатса, айдалада акалтеке жүйрігін кантарып тастап шалқасынан түсіп жатқан жігітке кездеседі. Ол кезде мал манында ұры-кары көп болатын заман. Қуат жігітті оятып, жөнін сұрайды. “Неғып бейсауат жүрген адамсың?” — десе, анау жігіт: “Менін затым — түрікпен, елімде жазықты болып, ханымыздың өлім жазасынан осылай қарай қашып шықтым. Енді баласы жоққа бала боламын, інісі жоққа іні боламын, маған кері қайтар жол жоқ”, — дейді.

Бұл кезде Қуаттың Әділбай атты баласы қайтыс болып, келіншегі жесір қалған еді. Қуат әлгі түрікпен жігітті бала қылып алады да “жолы құтты болғай” деген тілекпен атын — Жолғұтты қояды, жесір келінін осы жігітке қосады. Жолғұттыдан Еламан туады. Еламаннан Әсіреп, Мүсреп, Кенжетай. Мүсрептен — Кәжімбай, Ботбай туады. Ботбайы сері, сал болып, елде көзге түскен. Одан — Шалабай. Оның балалары бүгінде Алматыда, Жанажолда тұрады. Кәжімбайдан Махмұт, Акан, Макан, Самырат туады. Махмұттан — Хамит, Сәбит, Ғабит, Баязит, Әшімтуған. Гүлсім атты бір қызы болған. Көріп отырсыздар, Жолғұттыдан бері бес ата өткен екен. Түгел казак қаны сініп, аналарының бәрі казак болып кеткен адамның бойынан түрікпендік жұрнақ іздегендер “Ғабит түрікпен екен” деген сөзді үнемі әр жерден тұтатып айта беруден талмайды, ал шындап келгенде бұл тұқым түгелімен казак болып кеткен адамдар. Казакта жожа, төре атты рулар бар. Алғашқысының түбі араб, кейінгісі Шыңғысхан ұрпағы — моңғол. Шокан Уәлихановты моңғол, Мұхтар Әуезовты, Қалтай Мұхаметжановты араб десек қалай ерсі болар еді, Ғабен де солай.

Енді жоғарыда айтылғандай туған жеріне шолу жасайық. Сибан-керейлер төңкеріске дейінгі дәуірде “Аккусак” болысы атанып Қызылжар уезіне қарады. Сибан-керейден шыққан аға сұлтан Есеней өз тұқымын бір аймаққа орналастырып, мол жер берген ғой, бірақ патша отарлауының қысымы сибандарды үшке бөліп тастаған. Сөйтіп олар орналасқан жеріне қарай Қаршығалыдағы сибан, Түбектегі, Жаманшұбардағы (қазіргі Темирязов ауданы) сибандар атанды. Аралары ол замандағы көлікпен жүретін өлшеммен күндік, екі күндік жер болса да бір болыстықта болған. Болыстары Есенейдің күйеу баласы – Шәйгөз уақ Торсан, кейіннен оның баласы Шери де болыстықтың тізгінін ұстады. Ара-тұра болыстықты аударып әкеткендер де болды, соның бірі Қаршығалыдағы сибан Тәукенің Ыбырайы (осы мақала авторының атасы). Дегенмен тегеуірінді Торсан тұқымы билікті қолынан шығармады.

Ал, Қазан төңкерісінен кейінгі территориялық бөлісте Ғабиттің туған жері Қостанай облысы Пресногорьков ауданына қарады. Жаманшұбардағы сибандар Кеңес кезінде Түбектегі сибандарға көшіп келді, Андарбай, Отарбай (Сәбендер) екі атаның біразы Жанажол ауылына, біразы қазіргі Сәбит ауылына орналасты. Арасы 20 шақырымдай екі ауыл кейде бірігіп бір колхоз болып, бірде екеуі екі колхоз болып жүрді. Тек Хрушевтың аласапыран заманында бұл аудан түгел таратылып, төрт кеншары Солтүстік Қазақстан облысына қарап қалды. Сол кезде Ғабеннің туған ауылы Жанажол да сол облысқа қарап кеткен еді. Кейіннен 1970 жылы сол төңіректе жаңадан Жамбыл ауданы құрылып, ол Солтүстік Қазақстан облысына қарады. Біраз уақыт жазушының туған ауылы Ғабит Мүсрепов атындағы кеншар деп аталды. Қазір баяғыша – Жанажол. Ғабеннің осы 100 жылдығына орай бұрынғы Көкшетау облысының Чистопол, Рузаев, Куйбышев аудандары біріктіріліп оған Ғабит Мүсреповтың аты берілді де, ол Солтүстік Қазақстан облысына қарады.

Енді бір сәт сүйікті жазушымыздың туған жылы мен айы, күніне көз салайық. Жоғарыда айтылғандай оқулықтарда, кітаптарда әрқилы жазылып жүр. Ал, Ғабеннің жерлесі, туысы Сәбит Мұқанов бұл жөнінде былай дейді:

– Ғабиттің шешесі Дина анамыз менің кіндік шешем еді. Ол кісінің айтуы бойынша Ғабитпен екеуіміздің туған

жылымыз бір екен. Тек мен жылдың басында — көкек айында туыппын да, Ғабит сол жылдың аяғында туыпты. Ал құжат бойынша мен 1900 жылы туғанмын да, Ғабит 1902 жылы туған болып жүр. Бұл жерде бір кілттипан бар, — деп Сәбен сөз арасында бір әзіл қыстыралы. — Жазушылар арасында Ғабит салдық-серілік, жігітшілдік, саятшылық құратын адам. Ал ондай адам жасарып көрінгісі келеді. Сондықтан екі жасын кейін салған болуы керек, — дейді де Сәбен ізінше әзілін жинап алады. — Мүмкін мен жетім өскендіктен нақтылы туған жылымды білмейтіндіктен де солай болар. Екінші жағынан жылдың басында туған адам мен аяғында туған адам жанаша есеппен келгенде екеуі екі жылға кетеді. Яғни сиыр жылының басында көкек айында мен тусам — жылдың жалғасы келесі наурыздың басы жаңа есеппен екінші жылға ауысып кетеді. Сөйтіп, Ғабиттің құжатындағы көрсетілген жыл дұрысқа шығуы мүмкін, — дейді Сәбит.

Ал, 1985 жылы Ғабит дүниеден өткен кездегі каралы жиында інісі Әшімнен осы жайын анықтап сұрағанымызда ол:

— Сендер Ғабиттің өз қолымен жазған жылын ұстана беріндер. Ал, шындығында Ғабит 85 мүшелінде дүниеден өтіп отыр. Туған күні ескіше сегізінші март еді, — деген болатын.

Бір оңаша отырыста Ғабеннен “Ғабе, сіз шығармаларыңыздың бірде-біреуінде жағымсыз әйел кейіпкерді көрсетпедіңіз, бұл қалай?” — дегенімізде жазушы ақырын жымиып отырып:

— Мен өзім әйелдер мерекесі — сегізінші мартта тудым ғой, сондықтан болар, — дегені есімізде. Жанаша күнпарақ есебіне келгенде ескіше 8 наурызға 13 күнді қосамыз ғой, сонда Ғабен жанаша күнпарақ бойынша 21-наурызда туған болады. Қазіргі кітапта, зерттеме макалаларда жазылып жүрген 22 наурызда туды дегені қате. Сиыр жылының аяғы жанаша 21 наурызбен бітеді де, 22 наурыз жана — барыс жылының басы болады. Осы соңғы санды ұстанғандар Сәбенді де, Ғабенді де, Әшімді де, тіпті Дина шешейді де жалған сөзді етіп жүр. Дұрысты — дұрыс деп қабылдауғылымын ауытқудан сақтандыра еді. Сөйтіп біз осы айтылғандай ұлы жазушының туған күні, айы, жылы жайын осынау торқалы той үстінде бір екшеп өтуді жөн көрген едік, оқырман қауым өз керегін алар деген ниеттеміз.

Ғабит Мүсреповтың шығармаларына шолу жасауды біз мақсат етпедік. Өйткені, бүгінде жаппайы сауатты елміз ғой, мектеп бағдарламасы бойынша әр адам онымен таныс болуға тиіс. Сондықтан біз оқырман қауымды белгілі жайлармен мезі етпей, бұрын айтылмай жүрген бұлттарысқа ғана тоқталып отырмыз.

Ғабеннің өзінің айтуы бойынша 1920 жылдарда Орынбордағы рабфакта оқыған кезінде Сәбит Мұқановпен екеуі Сәкен Сейфуллиннің үйінде тұрған екен. Ол жайында былай деп жазады: “Күн түспейтін қараңғы бөлме еді, темір керуетке шайдан босаған фанер тактайды салып жатынбыз. Сәбит бойы үлкен, толық, ол жатқан кезде аспан жарылғандай сатыр-сұтыр етіп фанер сынады да, екеуіміз еденге топ ете қаламыз. Қайтадан тұрып көлденең ағаш салып, оған әлгі сынған тактайды төсеп жатқан боламыз.

Қараңғы жердің ластығы білінбейді, тартылған темекінің тұқылын лақтырып тастай береміз. Темекіміз таусылса, тұқылдарды жинап алып қайта тартамыз. Сөйтіп жүріп мен де өлең жазуға әуестендім. Бірақ, бір өлеңді бір күн күні бойы отырып жазатын едім. Сәбит болса айтқан тақырыбына бұрқыратып ілезде өлең жазып тастайды. Онысы газетке шығып жатады. Соны көрген соң мен өзіме іштей тоқтам салып, қой, мынадай ағып тұрған акынның жанында өлең жазып маскара болмайын, — деп бұл кәсібімді тастап кеттім. Кейіннен 1928 жылы “Тулаған толқындар” атты әңгімемен әдебиет есігін аштым”. Бұл мойындауға қарасақ Ғабен тек қана беллетристикамен айналысқан.

Ғабиттің прозасы жұртшылықтың бәріне белгілі. Мұхтар Әуезовпен теңдесіп тұрған майталман жазушы, сөз зергері. Оған қоса Ғабеннің әзілі, юморы, сатирасы сарказмге дейін жететіні белгілі, оны оқыған адам жиі езу тартып, әр тұста ракат күлкіге батады. Ал, өзі жоғарыда айтқандай өлең жазуды тастап кеткен десек те, осы ұлы жазушының шығармасынан біз тамаша поэзияларды кездестіріп отырамыз. Оқулықтарда Ғабеннің акындығы жайлы сөз болмайды. Біз феномен жазушының шығармашылық таланты сегіз қырлы десек, соның бір қыры — оның шын мәніндегі жыры. Мысалы, “Кездеспей кеткен бір бейне” деген туындысын ол поэма деп атады. Шындығында да бұл тамаша шығарма ақ өлеңмен

жазылған поэзия еді. Ғабенін пьесалары — бәрі дерлік ақ өлеңмен жазылған, ал ойымызды анықтай түсу үшін Ақтоқты мен Қыз Жібек монологтарын келтіріп көрелік.

Естеріңізде ме «Ақан сері - Ақтоқты» драмасында Ақтоқтыдай ерке қыз Ақанды ақпейілімен қарсы алады. Әншінің өз ауылына келуін тойға балайды.

Ақтоқты:

*— Есенсіз бе, Ақан аға!
Төбем көкке аз-ақ тимей тұрғандай.
Жүрек біткен бірге соғып,
Ат шапқандай ел үсті...
Дабылыңнан көтерілді,
Қолде сыңсып аққу-қаз.
Шаршы топты бір жылатып,
Бір күлдірген әніңнен,
Айсыз түнде айрылғандай,
Арманда едік барлық жас.
Көңіл күйің қайтсек түсер,
Біз әзірміз бәріне.
Бұл жолыңа жарап кетсе,
Жанын қияр жастар барын
Құшағынан танырсың...
Сен не іздедің?
Біз сені іздеп,
Қаралы едік әр кезде,
Қоншы өзіңнің орныңа! —*

Осы ақ өлең тізбектерде ырғақ құйылып тұр. Сөз сарасы, ой ұласы мүлтіксіз жалғасуда. Төгілтіп оқып отырғанда (сахнадан, актриса лебізімен құлаққа әсерлене жеткенде) ұйқас бар ма, жоқ па деп елен қылмайсың. Әйтеуір бір ғажап дүние баурап алады да, ілгері жетектей береді.

Ал мына бір жолдарға назар салсақ, жоғарыдағы күдіретті сөз тізбегіне қоса тамаша ұйқасқа да тамсанасың.

*Байлауда Ақанға арнап салған әнім,
Бір шықшы таңын жырта сары даланың,
Жай жатпай төсегінде мың аунақшың,
Оянсын ары болса бозбаланың,*

*Қайдасың Қарауылдың ардагері,
Қайнамай қалғаны ма бір жігерің.
Кім қалды ошағына бас болатын,
Қуылса елден түзге Ақан серің?*

Жоғарыда айтқанымыздай “Қыз Жібек” бастан-аяқ дерлік өлеңмен жазылған. Мұнда ақындықтың халықтық ауыз әдебиеті түрін, жазба әдебиет поэзиясының сырлы, күрделі түрін де пайдаланады. Осы ойымыздың анықтығына бірер мысал келтірелік:

*Жай таныс сырласы ма, мұңдасы ма,
Көз таныс заманының тұлғасына,
Еркі жоқ, есепте жоқ, есіркеу жоқ,
Неткен күн арнап туған қыз басына?
Аз арман сырым мәлім мұңдасыма,
Тілектес алыс-жақын сырласыма,
Несі ерсі, кімге қорлық, сол да көп пе,
Еркімен өзі қонса ұясына?*

Ал мына, бір мысал ауыз әдебиетіндегі зар, қарғыс үлгісін еске салады:

*Елді құртқан қарақшы,
Ел болып сені қарғасын!
Үрім-бұтақ зәу-затың
Мендей болып зарласын.
Қаңғырып қалсаң далада,
Қасыңа бір жан бармасын!
Зарланған мен қарғаған
Алдына салып айдасын!
Азаматы осы елдің,
Бармысыңдар, қайдасың?*

Қазақ әдебиетінің алтын қорына бірегей етіп қалдырған Ғабеннің мол мұрасына ғалымдар, оқымыстылар әлі талай үнілер. Әржанрға қалам тартқан қарымды қасиеттерін саралар. Әзірге біз өз ойымызды қысқаша түйіндейік. Жоғарыда біз ұлы жазушыны сегіз қырлы дедік. Соны байқап көрейік: Ғабен ең алдымен ұстамды, сабырлы, түбегейлі классикалық прозаның шын шебері; оның талай туындыларындағы жүректі

елжірететін лиризмi бiр жүйе; кейiпкерлерiн кат-қабат айкас үстiнде казактың айтулы шешендерiндей сөйлетуi — казак ауыз әдебиетiнiң классикалық үлгiсiн дамытуы; кактығыстар тұсында бойға жiгер, ойға ереуiл беретiн эмоциялық қуаттылығы; ерiксiз езу тарттырар әзiлi (юморы); мiрдiң оғындай нысанаға дөп тиетiн сыншылдық (сатира); келенсiз жайларды күйретiп түсiретiн астарлы, айбарлы мысқылы (сарказм); әдебиеттегi ғабендiк жыр тiлi; дарынды драматург; Академик-ғалым — мiне, оның сегiз қырлы қаламгерлiгi. Ал өз басының өмiрдегi қыр-сырлары — әдебиеттен бөлекше ой толғайтын ерекше жайлар, ол адамдық қасиеттi өмiр бойы асқактатып өткен феномендiк құбылысқа сай жан.

ҰЛЫ АДАМНАН ҰЛАҒАТ

(Естелiк)

*(«Сарыарқа» журналы. 1992 жыл, № 4.
100 жылдығы кезiнде «Егемен Қазақстанда» жарияланды.)*

Ғабендi ойлап, қолыма қалам алғанда осынау ұлы адаммен өмiр сапарында ұшырасқан шақтарым кино көрiнiстерiндей көз алдыма тiзiле қалады. Бұған дейiн сол естегi елестердi жазуға батылым бармайтын. Ұлы адам жайлы тек өзiнiң тұрғыластары жазуы заңды сияқты көрiнетiн. Ендi байқасам, мына мерейтой қарсанында ол туралы ерсiлi-қарсылы қалам сiлтеп жатқандар көбейiп кетiптi. Мыңның бiрi болып маңынан өткендер де «мен сөйдедiм — бүйдедiм» деп жатыр. Тiптi Ғабеннiң өз нөкерiмен ауылына бiрге барғандар Жаңажолдың желкесiндегi Қарамен ағашы мен Елтiнжалды шатыстырып та жазды-ау! Ғабеннiң ондай жазбаларға мән бермейтiнi абырой едi. Ондай жазбалардың бiразын көңiл аударып оқымайтын да. Мүсрептiң қыстауы делiнiп жүрген Елтiнжалағашының бауырына бiр жылдары күрлеуiт-қыпшақ (Ұлпанның төркiн жұрты) Елтiн деген бай қыстаған ғой. Сол байдың аты жал ағаштың аты болып бекiп қалған. Бұл жайында ауылдағы ақсақалдар, әкем айтып отыратын. Кейiнгi

жастарға ұмыт болған жайт. Сол әсем ағаштың бауырында балалық шағы өткендіктен де болар — Ғабен әдемі, түзу ағаш көрсе, соны кесіп алып, үйінде оны мінсіз етіп, ұсақ бұтақ орындарын бәкімен алып тастап отыруды ұнататын.

Ие, тәуекел деп Ғабит ағаға қатысты кейбір өмір көріністерін, осы қажетті-ау деген эпизодтарды бірге болған кездерден тандап алып, көпшілік оқырман қауымымен сыр бөлісуді жөн көрдім. Оның сырларын осы естеліктің барысында өздерініз аңғарарсыздар.

Баяғыда Алматыда оқуға аттанғалы жаттым. Сонда әкем ақылдасқанда — Қажиахмет құдамыз (ол кісі Ғабеннің жас шағынан қатынасы үзілмей жалғасқан досы):

— Ағаларың (әкемнің інілерін айтады) Махмұт, Мүсенбектермен орыс мектебінде бірге оқыған досы еді, Ғабитке бар, — дегенін айтты да, ол ойынан тез айныды.

— Бірақ Ғабит тәкаппар ғой, қысылсаң Сәбитке бар, ол да туысың, — десті. Сол үлкендердің айтқан сөздері көкейімде мәңгіге тұрып қалғандай. Екеуін салғастырып көремін, екеуінің жақындығы бірдей сияқты — бәріміз де сибан-керейміз. Бірақ Республика прокуроры болған Махмұт аға (Таукин — біздің 1937 жылға дейінгі фамилиямыз) 1946 жылы Алматыда қайтыс болғанда Сәбит қаралы жиынды өзі басқарып, асыл ағамызды өз қолынан жөнелткенін Қазима шешей айтып келген. Әкемнің кенже інісі Нұғыман Таукин де Қырғызстандағы Мүсенбек ағасы сияқты репрессиямен атылғанда әкем осы келінін баласымен қолына көшіріп алған, Қазима шешеміз біздің үйде бірге тұрғандықтан білемін. Қайнағасын өмірінің соңғы үш-төрт айында күтіп, қолынан жөнелтіпті. Ғабит сол Махмұт ағамен жасында бірге оқыса да халық жауы тұқымынан бой сақтап, келмепті. Бәлкім іссапарда болған да шығар... Бала көңіл оны да ұмытпайды.

Оқуға бардым, түстім, бес бала бір орынға талассақта анау алып ағаларға бару ойға келген жоқ. Ондай батылдық түгіл Сәбен студенттермен кездесуге ҚазМУ-ге келгенде жақындап сәлем беруге де бата алмағанмын. Ал Ғабен қайда!..

Оқуды аяқтағанда жұмысқа берген жолдамамен сол Ғабеннің ауылы Жанажолдағы орта мектепке мұғалім болып бардым. Әкем ондағы барша жанды жақсы танып, өз еліне келгендей қатты қуанды. Ондағы ағайындар да «оу, өзіміздің

батырдың тұқымы келді»... десіп жатты. Ол бір тарихы қызық жай еді, бірақ бұл араға киліктіру ұзақ әңгіме.

Шешем барған бетте Ғабиттің туған анасы Динаны «нағашы апа» деп тауып алды. Ол кісі төсекте, аурулы екен. «Жисенжан, сен менің жанымда көбірек бол, алай-бұлай болып кетсем, өз қолыңнан жөнелт» деп тілек еткен соң, соның бәрін орындаған анам Дина әжеміздің өзбек матасынан тіккен ала шапаны беріліп, біздің үйде көпке дейін асылдың көзіндей сақталды.

Дина шешейді қоюға Ғабен үлгермеген болар, Хұсни жеңгей келді. Ол өзі барлық Мүсіреп тұқымын маңына үйірілдіріп жүретін жоғары адамгершіліктің иесі еді, Қостанайдан қайнысы Баязиттің әйелі Шәмәшті ертіп ала келгенін білемін. Кейіннен Ғабен Қызылжарда іссапарда жүргенде жанында Евгений Брусилловский бар, екеуі Дина шешейдің басына келіп қайтты. Сол жолы ауыл азаматтарымен бірге ағамызбен қолдасып амандастым. Әрине, жас жігітті ол кісі елемеген де болар. Бірақ Хамит аға «Махмұттың інісі» деп жігіттердің арасынан мені айрықша атағаны бар. Жастық қой – соған да мәзбіз. Ол жолы есінде қалмағанымды кейін білдім.

Содан жеті-сегіз жыл кейінірек демалысқа елге барғанымда (ол тұста өлкелік газетте едім) Ғабеннің елге келген тұсына тап болып қуанғаным бар. Ағайым Нұржанға туған інідей болып кеткен Есләмбек аға (Жаназолдан 15-20 шақырым жердегі Октябрь ауылында бөлімше менгерушісі болып істейтін) Ғабенді қонаққа шақырды.

Туған еліне келіп жадыранқы жүрсе де маңындағыларды сесі басып тұрады екен, жұрт ішіп көңілді отырса да ошан еткен жан болмады. Үйге келген бетте Нұржан ағамен сөйлесіп, өзінің бірге оқыған достарын – әкемнің інілері Махмұт пен Мүсенбекті еске алып бір қойған.

Қонакасының бір үзілісі кезінде Ғабен қырға қарай серуенге шықты, жанында адам жоқ еді, Есләмбек аға «Нұрғожан, бар, ағаң ғой, таныла бер, жас акын екенінді айт» деді, бардым. Ғабен менің бетіме қараған жоқ, аты-жөнімді, қызмет бабымды сұрады. Мен сұрағына қысқа ғана жауап бердім, өз тарапымнан «Нұржанның інісімін» дегенді ғана қостым. Ғабеннің достарын – ағаларымды аузыма алсам, «осы бала жылпостанып жақындасқысы келе ме» деп ойлар дегендей, бойымды аулақтатып, ресмиліктен таймадым. Ана

бір жолғы өз ағасы Хамиттің мені таныстырғаны есінде қалмағанын аңғардым. Ғабен ақырын аяндап, сол аяңға сәйкес баяулата өзіне өзі айтқандай сөйлей бастады.

— Бұл сенің екі аған (Есләмбек пен Нұржанды айтады) кірме болып отырған Октябрь ауылы — самай-керейлер. Мынау жалтыр көлдер мен анау ағаштар солардың бұрынғы жайлаулары, — дей келіп маған бейтаныс, өткендегі біреулердің аттарын атады. Шұғайып молдалармен іліктестігін айтты. Оның бүгінгі ұрпақтары маған таныс.

Біз оралып келгенде бағана бірге отырған өзімнің жолдастарым енді маған жағынғандай қалып танытады. Мені Ғабеннің өз адамы санап үлгеріпті. Шіркін ұлылықтың шарапаты-ай!

Соның келесі жылы Ақмола қаласына келді. Ол тұста Целиноград атанып, өлкенің орталығы болған. Хрущев бұл өлкені бөліп әкетпек те болды ғой. Қазақстанды менсінбей, тікелей Мәскеумен ғана байланыс жасап тұрған кезде Ғабен осы асқақтаған өлкеге бір басу салғандай Қазақстан Жазушылар одағының көшпелі президиумын (құрамында ылғи ығай мен сығай 15 жазушы бар) алып келді. Ол кезде жазушылар ұйымының басшы органы секретариат емес, солай президиум деп аталатын.

Жанада пайдалануға берілген Советтер үйінің кен конференц залы бес облыстан келген әдебиетшілер, қоғамдық ұйым өкілдеріне лық толы.

Залда отырып бір керемет көрініске куә болдым. Ғабен биік президиум столының нақ ортасында, оң жағында — Тың өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Коломиец, сол жағында — өлкелік атқару комитетінің төрағасы Мацкеевич. Ғабен көзіне кара көзілдірік киетін, будда құдайының тас мүсініндей міз бакпай отыр. Коломиец пен Мацкеевич кезек-кезек екі жағынан алдына бастарын иіп келіп бірдеме дейді, бас шұлғысады. Ғабен талмай карап отырған адам ғана аңғарарлықтай басын сәл изегендей болады, онысы көпке аңғарылмайды. Аналар әлденені айтып жампандап күліседі, Ғабеннің болмашы езу тартқанын біреу аңғарып, біреу аңғармайды.

Мен жанымда отырған досыма сыбырлаймын «Шіркін ұлылық-ай! Анау өздерін жарты құдайдай ұстайтын өлкенің «тіректерін» алдында шұлғытып қойды-ау! Па, тусан-ту! Өлкенің Қазақстанды менсінбейтін өпірем өркөкірегін бір басты-ау! — дейміз біз кезектесіп.

Ертеңіне туыс ретінде Ғабенді үйіме қонаққа шақыруға бардым. Ол жатқан люкс бос, кезекші далаға қыдыруға шыққанын айтты. Ие, сол кездегі орталық алаңдағы гүлзарында баппен аяңдап жүр екен. Жолдасым екеуміз жанына бардық.

— Өз туған келініз Сәтеннің ең кіші сінлісі — Айман, — деп таныстырдым. Әшім екеуміз туған бажа болатынбыз.

— Ә-ә-ә, Қапсытбайдың қызы екенсің ғой, ие, өз қызымыз болдың, — деді өзінің өзгермейтін маңғаз, байыпты сөз әуенімен.

— Ғабе, Сізді үйімізге қонаққа шақырайық деп келдік. Сіздің араласатын ортаңызды білмейміз, бірге болсын деген қонақты өзіңіз атаныз, — дедім. Үлкен кісі онша саспады, біраздан соң:

— Ие, оның да дұрыс, Жұбанға айт, Ғали бірге болсын, — деді. (Жұбан Молдағалиев пен Ғали Орманов).

— Аманжол ағаны жақсы көруші едім, сол да келсе қайтеді?

— Ә-ә, ол бір тәртіпті бала, қоссан қос, — деді Аманжол Шамкеновты бала деп. Олардан өзге «Тын өлкесі» газетінің басшылары Сапаржан Хайдаров, Әнуар Ипмағанбетовтар болды. Бұлар да жазушы, аудармашы, оның ежелгі таныстары.

Үйге келген соң әкеммен біраз әңгімелесіп, өткен күндердегі ел жайын біраз қозғасты, әкемнің інілері — Ғабеннің достары да біраз аталып өтті. Ол әңгімелерді әкемнен талай естігенмін. Маған Ғабеннің дастарқан басындағы отырысы тансық еді.

Жас болсақ та тыраштанып дастарқан молшылығын жасағандай едік. Бірақ Ғабен анда-санда ғана аузына дәм апарады, көбіне әңгіме айтып отыр, өзге қонақтар оның аузына қарап қалған. Ғабен дәм алса, олар да алады, ал ол әңгіме айтса тыңдап отырып қалады. Тілек айтылған тұста Ғабен коньяк құйылған кішкене хрусталь құтыны аузына апарып бір жұтады, Жұбағаннан өзгелері де соны қайталайды. Қонақтардың ішіндегі батылы да, Ғабеннің алдындағы еркесі де Ғалекен екен. Ол кісі «Қ» әрпін «к» деп сөйлейтін.

— Кәрәктәрім, мына дастарқанға қойылған тағамдар «мені жесе екен-мені жесе екен» деп тұрады, — дей отырып

бар тағамнан дәм татты. Сапырулы сары қымыздың да екі-үш аяғын сіміріп жіберді. Ғабен оған баласын еркелеткен әкедей қарап:

– Осы Ғалидың тәбетіне риза боламын. Қазір де өзім ішіп-жегендей ризамын, — деп қойды.

Ертеніне Сыраған (Мәуленов) мен Берқайыр Аманшин қонақ болғанда:

– Әй, Нұрғожа, сен өзін бақытты адамекенсің, осы жолда нөкері болып еріп келген мықтылардың көбі Ғабенді үйіне қонақ ете алмайды, — деді Сыраған. «Мені неге қоспадың» деген сөзді айтпады, Сырағанның сырбаздығы сонда ғой. Таң қалдым. Шынында да бақытты екенмін, пайғамбар іспетті ұлы адамға дастарқан жайдым ғой деп ойладым.

– 1965 жылдың аяғында өлке тарап, Хрущев жауып тастаған бес облыстағы казак газеттері қайта ашылды. Қостанайдың облыстық газеті (бұрынғы өз ұжымым) мәдениет бөлімін маған арнайы ұстап отыр. Екі ай күтті, ақыры ертең жана жыл деген күні телефон соғып қостанайлықтар «не олайын, не бұлайын айт» деген соң жана жылды күтіп отырған кеш екеніне қарамастан Ғабеннің үйіне телефон шалуға тура келді, арғы жақтан оның асықпайтын, баяу, барқыт даусы естілді.

– Қостанай көрмеген жерің емес қой, біз өлкелік бөлімшені тарамайтын етіп ұйымдастырғанбыз, бұрынғы аймағымен облысаралық болып қалады. Әзірге отыра тұр, кейін көрерсің, — деді. Ғабеннің сол бір ауыз уәлі сөзі мені сол қызметке 1991 — жылдың қараша айына дейін, 30 жылға жуық еңбек етуге шегелеп тастағандай болды. Олай дейтінім — кейіннен екі рет төрт бөлмелі үй беріп жап-жақсы жұмысқа Алматыға шақырғанда бармай қалдым.

Бірінде Ілекен (Есенберлин): «Жазушы» баспасында «переиздание» редакциясын ашқалы жатырмыз. Соған редакция бастығы болып кел, мен Димкенмен бажамын ғой төрт бөлмелі пәтер әперемін, — деді. Әкем: «мені тоқсанға жақындағанда бір қиырға сүйреп қайтесің», — деді, сонымен тоқтадым. Екінші жолы Н.Е.Кручинаға ренжіп, Алматыға Жазушылар одағы басқармасының кезекті Пленумына барғанда сол кездегі бірінші секретарымыз Әнуар Әлімжановқа «Әнеке, орыс ортасы жалықтырып жіберді, осында келсем қайтеді? — дедім. Ол мені студент кезімнен жақсы көретін еді. Көп ойланған жоқ,

«кел, одақтағы секциялардан тандағаныңды ал, тандаған секцияңның басшысы етемін. Жамбыл көшесіндегі жазушылар үйінің жанынан жана үй салып жатырмыз, төрт бөлмелі үй беремін» – деді. Қуандым. Кручинамен қайтадан тіл табыстым да тағы да өз орнымда қала бердім. Әлгінде «Ғабен осы жерге шегелеп кеткендей еді» дегенім сол.

Тек мына заман ауыртпалығына төтеп бере алмаған Жазушылар одағы өзінің барлық бөлімшелерін қысқартар тұста ғана «Сарыарқа» журналын ұйымдастыруыма тура келді. Ғабен, сөз жоқ, бұл журналды құптаған болар еді. Үйінде кездескенде осы Сарыарқа өңірін, оның әдебиетші қауымын көбірек сұрап, ақыл айтып отыратын. Алматыдағы газет-журналдар жүгінің ауырлығын сезініп «сендер бір әдеби журнал неге ашып алмайсыңдар» – дегені де бар-тын. Өлкелік Жазушылар одағын құрғанда «сендерге бір кітап баспасын ұйымдастыру керек екен» деген. Ондай мүмкіндік көріне түсіп жоқ болғаны да бар. Мәскеуден бізге бөлінген жастар баспасын Өзбекстан иеленіп кетті. Бес жылда бір өтетін жазушылар съезінде Қазақстан Жазушылар одағы Баскармасының мүшесі болып бес дүркін сайланған кезде Алматыда көбірек болып, Ғабенмен жиі кездесуіме мүмкіндік туды.

Үйінде болған кездерде әңгіме көбіне әдебиетке ойысатын. Хал-қадірімше әңгіме айтқанымда байыпты тындайтын, пікіріме қосылса бас изеуімен, кірпік қағысымен құптайды, немесе бірер сөзбен түйіндейді.

Кейде үйіне бөгде біреулер келіп, олармен әңгімелесіп отырғанына да куә болдым, әлгі адамның әңгімесі тындарлықтай болса, бетінде жылылық байқалады да, берекесіздеу сөйлеп кетсе, тас мүсіндене қалады, миығы төмендеп, жактырмай отырғандығы білінеді. Ғабеннің ондай қалпын білмейтін анау байғұс беталды лаға береді.

Соңғы жұбайы Ғазиза апай үйіне барғанда амандық сұрасып болысымен Ғабене алып баратын. Ол үйдің бір заңдылығы – Ғабен кабинетінде жұмыс істеп отырса, оның ойын аландатып үстіне бармау керек.

Апай ғана сол жұмыс барысының жігін табады. Біраз әңгімелескен соң шайға шақырады.

Жұмыс демекші, жасының келіп қалғанына қарамас-тан кейінгі жылдарда күллі дүние жүзі жазушыларының арасында сирек кездесетін қайрат танытып, «Жат қолында»

кітабын жазды ғой. Ол кәдуілгі оқушы дәптеріне кара қарындашпен жазатын. Екі жаққа айырылып ашылған беттің оң жақ жартысына арап әрпімен жазады. Әр бет біткен сайын үстінен оқып шығады да орнында тұрмаған сөзді жанында жатқан өшіргішпен сүртіп тастап, сол жерге нақты қажет сөзді қайтадан жазады. Әр жазылған беттерді келесі бөлмедегі Ғазиза апай алып кетіп машинкаға басып жатады.

Кітапханасы бай, өте сирек ескі басылымды кітаптар көп еді. Қажет кітабын Пушкин атындағы кітапхананың директоры Нәзира апай Қажиахмет қызына айтып (Қажекен бір сөз басында айтқан құдамыз — Ғабеннің жастық шағының досы) таптырып алып, сұрап алып жүретін. Нәзира апай кейіннен Ғабеннің музейін ұйымдастырып, көп жылдар оның директорлығын атқарды. Жоғарыда айтқандай біздің үйде болғанында сол жылы шыққан «Великие ученые Средней Азии и Казахстана» деген кітапты байқап «мына кітабынды мен оқып берейін» деді. Әрине, оны қайта сұрап алмаймыз ғой, ертеңіне кітап дүкеніне барып, бір данасын өзім үшін өтініп жүріп таптырып алдым.

Сондай дініне берік жанның бала сияқты өзгенің айтқанына сенгіштігін де көрдім. Әдебиет саласы бойынша Ғылым Академиясында бір орын босап, соған жана мүше сайланғалы жатқан. Сол тұста карап отырмай:

— Ғабе, бұл орынға кімді лайық көресіз? — дедім.

— Соның ретін ойластырып көріп үшеуінің біріне тоқталдым. Алдыма келген біреуіне: «Бір адамға бір академик жетіп жатыр ғой, сен Одақтық академияның мүшесісің, бұл орынға таласпай-ақ кой дедім. Екіншісіне — өзі басқарып отырған институтта көп қарсы дауыс алыпты және кейінгі кезде жұмысбасты болды ма әдебиетке белсене араласпай жүр. Сайып келгенде бәйгеге бір аяғына ақау түскен кәрі тарланды қосып отырмыз, — деп күлді. Тағы да карап жүрмей өзім қатты сыйлайтын, үйімде қонақ болған, ол үйге өзім де еркелеп баратын Әбекеме айтып бармаймын ба! Ғабеннің сөзін түгел айтып бергенімде балаша мәз болып күлді. Бірақ...

Ертеңіне Ғабеннің үйіне келсем, Ғазиза апай бұланталан ренжіп отыр. «Бұл сенің ағаң бала сияқты. Кеше сенің артыннан осында бір-екі адам келіп «сенде принцип жоқ, анау жақтап отырғаның — жауың емес пе? Сен жайлы жамандап пәлен-түген деп өлең жазған, ол өлең бес томдық